

Астана қаласы
МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Педагогикалық кеңесінің
№1 хаттамасы

Жиналыс төрайымы : *А.Т.Молдахметова*
Хатшы: *С.М.Слямова*

Күні: 31.09.2023 жыл

Қатысқаны: 30

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартымен және әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.

Балабақшаның әдістемелік тақырыбына; Халықаралық Реджио педагогикасының бағытын тәрбие мен оқытуға енгізу. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін және перспективтік жоспарларын бекіту; таңғы жаттығу кестесі; күн тәртібін бекіту.

2. Балабақша жұмысының жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну

3. Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту

4. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

Тыңдалды

1.Балабақша меңгерушісі м.а А.Т.Молдахметова 2023-2024 оқу жылының басталуымен барлық педагогтерді құттықтай отырып, №1 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Биылға жаңа оқу жылында педагогтерге шығармашылық тасбыс тілей отырып, жаңа бағытқа, жаңа бастамаға, жаңа шығармашылық жұмыстарға қатысып белсенділік танытуларын сұрады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (№348 бұйрық 03.08. 2022) пен әдістемелік нұсқаулықпен таныстырып өтті. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: ойын арқылы оқыту; білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды екендігін, бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары

калыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді деді.

Әрбір педагогтің міндеті – ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың қызығушылықтарын ескеру, әр баламен сөйлесу керектігін баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау қажет екендігін ескертті. Балаларды оқытуда оларды шаршатпай, баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, бала үшін биылғы оқу жылында әртүрлі қызықты ойын түрінде өткізу ұсынылғандығын айтып өтті. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына Халықаралық Реджио педагогикасының бағытын тәрбие мен оқыту жалғыстырылып, күнделікті күн тәртібіне Реджио педагогикасын енгізу ұсынылды. Сонымен қоса топтардың ішіне Реджио педагогикасына сай жабдықтандыру керектігі айтылды. Себебі бұл орта балабақшадағы балаларды өзін тануына және мойындауына, байланысқа түсуіне, қоршаған ортаны зерттеуіне ынталандырады. Балалардың шығармашылығы үшін кеңістік – балалар күннің көп бөлігін өткізетін және балабақшада өздерін үйіндегідей жайлы сезінетін дамыту ортасы (*белсенділік, шығармашылық пен құрастыру, тіл үйрену орталықтары және т.б.*) ұйымдастырылған. Педагогтер – бірлескен авторлар, бірлескен шығарушылар, олар дайын жауаптарды бермейді, баланың қызығушылығын ынталандырады. Осылайша балалар өз жаңалықтарын ашуға үйренеді. Балармен қарым-қатынас процесінде педагогтер де үйренеді, өздеріне жаңалықтар ашады, дамиды.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Т.Молдахметова топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы айтып өтті. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітті. Балабақша тәрбиеленушілерінің дамуы мен іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру жағдайын құру, режимдік сәттердің өткізілу бірізділігін, мазмұнын, құрылымын, жоспарлауға сәйкестігін анықтау керектігі айтылды. 2023-2024 оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, перспективалық жоспарды, таңғы жаттығу кестесін, күн тәртібін бекітуге өткізу керектігі айтылды. Балабақшаішілік әдістемелік бірлестік, шығармашылық топтың құрамын бекіту жайлы тоқатылып өтті.

3. Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту туралы қысқаша мағлұмат берілді. Тілдер мерекесін өткізу апталық ретінде жоспарланып отырғандығы айтылды. Тілдер мерекесінің өтілуіне жауапты педагогтер тағайындалғандығы айтылды.

4. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы туралы балабақша әдіскері А.Т. Молдахметова жазғы сауықтыру кезеңіндегі атқарылған жұмыстарға талдау жүргізді. Жаз мезгіліндегі сауықтыру-шынықтыру шаралары барлық топтарда өз деңгейінде өтіп отырғандығын, жазғы уақытта балалардың таза ауада болу уақытының ұзарғандығын, ұйымдастырылған іс-әрекеттер ашық

ауада өткізілгендігін айтты. Сауықтыру-шынықтыру уақытында балалардың денсаулығы нығаятындығын, эмоционалды, тұлғалық, танымдық дағдылары қалыптасатындығын айтып өтті. Балаларды жаз мезгілінде таңғы уақытта далада қабылдау, ертеңгілік жаттығуларды таза ауада орындау, серуен кезінде жалаң аяқ балаларды жүргізу, аяқты жылы сумен шаю сияқты әрекеттер орындалып отырғандығын, сондай-ақ балабақшада балалардың тамақтануы да қадағалауда болды. Ас мәзірінің құндылығы, сапасы мен әртүрлілігі басты назарда ұсталғандығын, жыл мезгіліне қарай берілетін ас мәзірі өзгертіліп отырғандығын айтып өтті. Биыл жазда да балаларға ерекше көңіл бөлінді. Жаз айларына арналған іс-шаралар жоспары түзіліп, дене тәрбие нұсқаушысы, саз жетекшісі тәрбиешілермен бірге балалардың қорғау күніне «Бақытты бала», «Алақай бізде мереке», «Ертегілер еліне саяхат», т.б іс-шаралар өткізіліп, балалар үшін қызықты мереке болды. Қимылды ойындар мен спорттық жарыстар барысында ойынға қатысушылар өз ептіліктерін және мықтылықтарын көрсетіп, балалар осы шараларға белсене қатысты. Жаз мезгілінде ата-аналармен де жұмыс түрлері жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл-кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді, ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауысып отырғандығын айтты. Сонымен қатар топ тәрбиешілері жаз мезгілінде өздері атқарған жұмыстарға тоқталып, таныстырып өтті. Әр топтың тәрбиешілері жазғы сауықтыру қорытындысын жазып өткізу.

№1 Педагогикалық кеңестің шешімі

1. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары, оқу жоспары бекітілсін.
Балабақшаның әдістемелік тақырыбына; Халықаралық Реджио педагогикасының бағытын тәрбие мен оқытуға енгізілсін.
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін және перспективтік жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі, күн тәртібін бекітілсін.
Жауапты: Меңгеруші, әдіскер
2. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.
Жауапты: Меңгеруші, әдіскер
3. Тілдер туралы апталықтар өткізіліп, жауапты педагогтер тағайындалып, өткізілген іс-шараның қорытындысы желілерге жүктелсін.
Жауапты: Әдіскер, педагогтер
4. 2022-2023 жж жазғы сауықтыру кезеңіндегі атқарылған жұмыстар туралы жүргізілген іс-шара жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.

Жазғы сауықтыру шараларының қорытынды жұмыстары толығымен
балабақша әкімшілігіне тапсырылсын.

Жауапты: Тәрбиешілер

Мерзімі: Бір апта

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

А.Т. Молдахметова

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

С.М.Слямова

Астана қаласы
МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Педагогикалық кеңесінің
№2 хаттамасы

Жиналыс төрайымы : *А.Т.Молдахметова*
Хатшы: *С.М.Слямова*

Күні: 22.11.2023 жыл
Қатысқаны: 30
Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Балабақшада денсаулық сақтау шараларының маңыздылығы»

Күн тәртібі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. "Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу».
3. "Мектепке дейінгі жастағы балалардың тыныс алу гимнастикасы".
4. Дене шынықтыру ұйымдастырылған қызметінің қорытындысы.
5. Баланы шынықтыру үшін жасалған құрал-жабдықтар.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Т. Молдахметова №1-ші педкеңестің орындалуы жөнінде қысқаша мағлұмат беріп өтті. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, перспективалық жоспарлар, күн тәртібі т.б толығымен бекітілгенін мәлімдеді. Сонымен қоса жылдық жоспар қаралып, бекітілгенін айтып өтті. Жазғы-сауықтару шараларының қорытындысы толығымен өткізілді. Тілдер мерекесіне мектепалды топтары фестиваль түрінде, қалған топтар тәрбие сағатын өткізгендігін айтты.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның денешынықтыру нұсқаушысы Ж.С. Баубеков "Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу» тақырыбында баяндама оқыды. Ол өз сөзінде мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесіне қажетті алуан түрлі жұмыстар атқарылатындығын, соның ішіндегі маңызды бір саласы дене тәрбиесі болып табылатындығын айтып өтті. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлерінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда

өтеді. Баланың қозғалыс дағдысы 7 жасқа дейін қалыптасып, әрі қарай даму, шыңдалу қызметі атқарыла бастайды. Бала ағзасының даму мен өсу үдерісінде бұлшық еттің күші қозғалыс факторлары арқылы артады. Сондықтан да мектепке дейінгі кезеңде балардың дене тәрбиесіне ерекше мән берілу керек. Дене тәрбиесі ағзаны шынықтырып, бала психикасының дамуына үлкен әсер ететін, адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен дағдысының, білімінің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған, көп қырлы педагогикалық іс екендігін айтып өтті.

Балабақша психологі А.А. Карина «Мектепке дейінгі жастағы балалардың тыныс алу гимнастикасы» тақырыбында балабақша педагогтеріне мағлұмат бере отырып, ойын түрлерімен таныстырып өтті.

Ең танымал жаттығу – «Алақан». Стрельникованың балаларына арналған тыныс алу жаттығулары дәл осындай әрекеттен басталады. Бала орнынан тұруы керек, шынтақтарын бүгіп, алақандарын сыртқа қарай бұрып, олар одан басқа жаққа қарайды. Мұрын арқылы жылдам және өткір ингаляция кезінде жұдырықтарды қысу керек, ал ұзақ және баяу дем шығару кезінде оларды ашу керек. Егер бала жалықса, оны иіскейтін, олжасын аңдыйтын ит екенін елестетуге шақыруға болады. Жыртқыш, мысалы, нәрестенің сүйікті ойыншығы болуы мүмкін.

«Жүргізуші» жаттығуы нәрестенің өкпесі мен қолын да қамтиды. Бастапқы қалып: тұрып, қолды бүгіп, жұдырықтарды бел деңгейінде. Дем шығару кезінде бала қолдарын бүгіп, саусақтарын босатады, ал ингаляция кезінде оларды артқа бүгеді.

«Помпа» жаттығуы балаларды жиі қызықтырады. Оның барысында бала тербеліс қозғалыстарын жасауы керек, содан кейін еңкейіп, содан кейін бастапқы қалыпқа оралады. Балалар еңкейіп, бастарын төмен түсіріп, сәл еңкейіп тұруы керек, ал қолдары қамшымен денеге ілінуі керек. Осындай тағы да басқа жаттығулардың түрлерін практика жүзінде таныстырып, қалай қолдану керектігін айтып өтті.

Балабақша педагогі Р.Т. Есинеева денешынықтыру мамандарының ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысып, қорытындысын айтып өтті. Денешынықтыру мамандарының ұйымдастырылған іс-әрекеттері бала жасына сай бір ізділікпен өтетіндігін айтты. Ұйымдастырылған іс-әреет барысында қимылды ойын түрлері өте қызықты екенін, балаларға ерекше әсер беретіндігі айтты. барлық топтың балалары денешынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетіне өте қызығушылықпен қатысатындығын және бала формаларының бірдей көз тартарлық екенін айтып өтті.

Келесі балабақшаның денешынықтыру нұсқаушыларының ұйымдастырылған іс-әрекетте қолданатын құрал-жабдықтар көрмесі өтті.

Көрмеге денешынықтыру нұсқаушылары өз қолдарымен жасаған заттарды таныстырып, көрсетті. Жасалған құрал-жабдықтар бала жасына сай, қауіпсіз, ойын ойнауға ыңғайлы екендігі айтылды.

№2 Педагогикалық кеңестің шешімі

1. №1-ші педкеңестің орындалу шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалармен түрлі жұмыстар істеуді ары қарай жалғастыру.
3. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тыныс алу гимнастикасын топ тәрбиешілері қолға алып, қауіпсіздік ержелерін сақтай отырып, қолданысқа енгізсін.
4. Денешынықтыру нұсқаушыларының ұйымдастырылған іс-әрекеттері, құрал-жабдықтары қанағаттанарлық деп танылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

А.Т. Молдахметова

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

С.М.Слямова

Астана қаласы
МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Педагогикалық кеңесінің
№3 хаттамасы

Жиналыс төрайымы : *А.Т.Молдахметова*
Хатшы: *С.М.Слямова*

Күні: 22.01.2024 жыл
Қатысқаны: 30
Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Педагог кадрлардың креативті әлеуетін дамыту жолымен мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау»

Күн тәртібі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау»
3. I-жарты жылдық бойынша атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау.
4. Шығармашылықты дамыту тренингі

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Т. Молдахметова №1-ші педкеңестің орындалуы жөнінде қысқаша мағлұмат беріп өтті.

Балбақша тәрбиешілері А.Берикова мен Ш.Ерденовна «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау» тақырыбында педагогтерге қысқаша мағлұмат беріп, шеберлік сағат көрсетті. Балабақша тәрбиешісі А.Берикова құзыреттілікке тоқталып өтті.

Танымдық құзыреттілікті қалыптастырудың бағыттары:
-түсіндіру, суреттеу, «ойын» технологиясы арқылы оқыту.
-оқыту принципі, әдіс- тәсілдеріне сүйене отырып білім беру.
-сабақтан тыс өткізілетін шаралар, жекелей жұмыстар, қосымша үйірмелер арқылы әрі қарай дамыту.

Жоғарыда аталынып өтілген мақсат, міндеттерді алға қоя отырып, 3 таңдап алған бағытта балалармен жұмыс істей отырып, болашақ ұрпақтан алда күтер үмітіміз көп.

«Денсаулық құзыреттілігі» бойынша:

-Салауатты өмір салты ережелерін білетін, саптық және спорттық

жаттығуларды ересектердің көрсетуімен жалпылай барлық баланың орындай алатындығын

«Коммуникативтік-тілдік құзыреттілігі» бойынша:

- Барлық баланың «үлкенге ізет, кішіге құрмет» көрсете білу керек екендігін ұғынып, ересектерге «сіз» деп сөйлеп, ешбір ересектен жасқанбай сұрақтары мен өтініштеріне жауап беретін, қарым-қатынасқа түсе білгендерін
 - Тілдің барлық дыбыстарын дұрыс айтып, сөздерді өзгертіп, басқа сөздермен сәйкестендіре алатын сөздік қоры дамыған, заттардың аттарын толық дерлік айта білетін, әңгіме құрап, ертегінің мазмұнын сипаттай алғандарын
- «Танымдық құзыреттілік бойынша:**

- Заттардың белгілері мен сипаттамалық ерекшеліктерін сезу, есту, иіс сезу арқылы қабылдап, оларды 2-3 сөйлем арқылы жеткізгендерін
- Уақыт, кеңістік, себеп-салдарлық, мөлшерлер туралы қарапайым ұғымдарды түсіне білгендерін
- Табиғатта өзін-өзі ұстаудың бірнеше нормасын меңгерген, ересектер мен бірге өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасайтын, жаңа ақпарат алудың қажеттілігін түсінетін

«Шығармашылық құзыреттілігі» бойынша:

- Музыкалық бейнелерді жасап, аспаптармен ойнай білетін, дауысын пайдаланып ән айту жолдарын меңгерген
- Бейнелеу іс-әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдылар мен іскерлікті меңгеріп, әр түрлі кескінді орындай білетін

«Әлеуметтік құзыреттілік» бойынша:

- Эмоционалдық көңіл-күйді түсінетін, құрдастармен бірге тұрақты ойын бірлестіктеріне қатысатын, ересектермен танымдық тақырыпта әңгімелесетін, өз қылығын ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетімен бағалай білетін дүниетанымы кеңінен дамыған, қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптасқан, жан жақты білім ала отырып, тәрбиеленген ұрпақтардың өсіп- өніп жетілетіндіктеріне сенімді артып, осындай дәрежелерге көшпен бірге жететіндігімізге сенетіндігін айтып өтті.

Мысалы Ш.Айтеева өзінің ұйымдастырылған іс әрекеттерінде Деньеш блоктарын кеңінен қолданатындығын айтып өтті.

Мектеп жасына дейінгі білім беру әдістемесінде балалардың зияткерлік-танымдық белсенділігін дамытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдері бар. Дегенмен, бала ақыл-ойының дамуына арналған, соның ішінде математикалық, зияткерлік-танымдық белсенділігін дамытуда ең маңызды

деген әдістерді бір қалыпқа келтіріп, қалыптастыру мектеп жасына дейінгі білім беру барысында әр педагогтың кәсіби шеберлігіне байланысты деп ойлаймын деді. Венгер психологы, әрі математигі Золтан Дьенеш ойлап тапқан логикалық блоктар – баланың кіші жастан бастап зияткерлік-танымдық белсенділігін дамыту және оның ойлау қабілеттерін математиканы меңгеруге дайындауда өте тиімді әдістеме болып табылады. Әдістемелік және ғылыми-танымал әдебиеттерде бұл әдістерді әртүрлі атаулармен кездестіруге болады, атап айтсақ: «логикалық пішіндер», «логикалық текшелер», «логикалық блоктар» т.б. Бірақ осы атаулардың әрқайсысында логикалық ойлауды дамыту бағыты айқын берілген. Балаларды блоктар арқылы ойната отырып, оларға нысандардың түсін, пішінін, көлемі мен қалыңдығын көрсете отырып, ажыратуға үйретуде, қарапайым математикалық ұғымдарды меңгертуде таптырмас құрал. Ол балалардың ойлау әрекеттерін, логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттерін және зияткерлік-танымдық қабілеттерін жетілдіреді. Дьенештың блоктарымен ойнай отырып, бала әртүрлі заттық әрекеттер жасайтындығын айтты.

I-жарты жылдық бойынша атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау бойынша балабақша әдіскері А.Т. Молдахметова айтып өтті. I жарты жылдық жұмысының қорытындысы жақсы деп бағаланды.

Балабақша психологі А.А. Карина Шығармашылықты дамытуға арналған тренинг өткізді. Ондағы мақсат-шығармашылықтың дамуына кедергі келтіретін жағдайларды анықтау;

- тренингке қатысушылардың коммуникативтік және креативтік (жасампаздық) мүмкіндіктерін дамыту;

- шығармашылық қиялдарының дамуына, ойлау қабілеттерінің әуестік, батылдық, икемділік қасиеттерінің дамуына ықпал ету.

Педагогтер педагог психологтың тапсырмаларын мұқият орындап, тренингке белсене қатысты.

№3 Педагогикалық кеңестің шешімі

1. №2-ші педкеңестің орындалу шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Үнемі балалардың танымдық-зияткерлік қызығушылықтарын арттыру.
3. I-ші жарты жылдық қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Педагог-психолог педагогтермен түрлі ойындарды қызықты өткізуді жалғастырсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

А.Т. Молдахметова

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

С.М.Слямова

Астана қаласы
МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Педагогикалық кеңесінің
№4 хаттамасы

Жиналыс төрайымы : *А.Т.Молдахметова*
Хатшы: *С.М.Слямова*

Күні: 27.03.2024 жыл

Қатысқаны: 30

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Жобалау әдісін ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде қолданудың маңызы»

Күн тәртібі:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. «Жоба әдісі балабақша тәрбиеленушінің шеберлігі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде»
3. Педагогикалық жағдаяттар: «Жоба және бала» психологиялық сәт «Біздің көңіл-күйіміз»

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Т. Молдахметова №1-ші педкеңестің орындалуы жөнінде қысқаша мағлұмат беріп өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі М.Е.Идехан «Жобалау әдісін ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде қолданудың маңызы» туралы мағлұмат беріп өтті. Сонымен қатар жобалау әдісінің негізі – балалардың танымдық дағдыларын дамыту, білімдерін өз бетімен құру шеберлігі және ақпараттық кеңестікте хабардар болу, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту екендігін айтты. Жобалау әдісі әр уақытта әлдебір мәселені шешуді ұйғарады. Жобаның ерекшелік айрықшасы мұнда баланың өз бетімен жұмыс істеу әрекетіне және жұмысты жоспарлауға ерекше көңіл бөлінеді. Жобалау әдісімен жұмыс ұйымдастырғанда балалар тек қана өз бетімен жекеше жұмыс істей қоймайды, оларға топпен де, жұппен де жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі. Бұл балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырады деді.

Жеке жоба жұмысын таңдағанда, біріншіден, тақырыбы авторға қызық болуы керек, екіншіден, өзекті, үшіншіден жобалаушы. Жеке тұлға қызығушылығының шарты бірінші орында болғандықтан, оның қызығушылығы және әуестенушілігі есепке алынады. Жоба технология сияқты мынадай кезеңдерді енгізеді: басы, жоспарлау, шешім қабылдау, орындау, рефлексия (жұмысты бағалау), қорғау.

Зерттеу жұмыстарын жүргізгенде жоспарлаудың үлкен маңызы бар. Жоспарлау – бұл жобаның орындау кезеңдерін ерекшелеу, алдағы жұмысқа жоспар құру, жобаның өз құрылымын жасау.

Жоспар әр топқа, әр оқушыға жеке құрастырылады: әрбір топ, әрбір оқушы тапсырма алады, шамамен орындау мерзімі және ұйғаратын нәтижесі белгіленетіндігін айтып өтті. Ары қарай жұмыс жоспарын құрастыру туралы және кезеңдеріне тоқталып өтті. Практикалық бөлімде педагогикалық отырысқа қатысушылармен шеберлік сынып сағатын көрсетті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша балабақша психологтары «Педагогикалық жағдаяттар» ұсынды. Әрбір педагог ұсынылған жағдаяттан шығу мәселесін талқылады, өз ойын айтты.

Балабақша психологі А.А. Карина «Біздің көңіл-күйіміз» тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты: жақсы көңіл-күйдің адами қарым-қатынаста алатын орны туралы түсініктерін кеңейту. Эмоционалдық көңіл-күйін көтеру, шаршағандықтарын басу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру болды. Тренингті жақсы деңгейде өтті. Барлық педагогтер қызығы қатысты.

№4 Педагогикалық кеңестің шешімі

1. №3-ші педкеңестің орындалу шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Барлық педагогтерге жоба алып, балаларға таныстырып, жұмыстану ұсынды.
3. Педагог-психолог педагогтермен түрлі ойындарды қызықты өткізуді жалғастырсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

А.Т. Молдахметова

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

С.М.Слямова

Астана қаласы
МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Педагогикалық кеңесінің
№5 хаттамасы

Жиналыс төрайымы : *А.Т. Молдахметова*
Хатшы: *С.М.Слямова*

Күні: 31.05.2024 жыл

Қатысқаны: 30

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау»

Күн тәртібі

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Оқу-тәрбие бойынша жүргізілген жұмыстардың және Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша қорытынды даму мониторингі.
3. 2024-2025 оқу жылына аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімін бекіту және қарастыру.
4. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум жұмысының есебі.
5. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту.
6. 2023-2024 оқу жылында балабақшаның аттестациядан өтетін педагогтар кандидатураларының тізімін қарастыру және бекіту.
7. Мектепалды топтарының мектепке баруға психологиялық дайындығы.

Тыңдалды:

I. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы бойынша балабақша әдіскері А.Т. Молдахметова есеп беріп өтті.

II. Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Т.Молдахметова 2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты қорытынды есеп беріп өтті. Барлық 12 топ және 2 шағын орталық топтары жыл бойы бекітілген жоспар бойынша жұмыстарын атқарып шықты. Жоспар бойынша белгіленген іс-шаралар толығымен өткізілді. Ұйымдастырылған ертеңгіліктер, фестивальдер, ата-аналармен жұмыстар толығымен өтті. Балалар мерекелік ойын-сауықтар мен кештерге қатысып өз өнерлерін көрсетуге:өлең оқуға, ән салуға, би билеуге, ойын ойнауға, ертегі кейіпкерлерін сомдауға қызығып қатысты. Жыл

бойы ата-аналардың қатысуымен өткізілген іс-шаралар мен ертеңгіліктер: «Білім күні», фестиваль «Алтын Күз», «Тәуелсіз Қазақстан», «Қош келдің, Жаңа жыл!», «Төрлет-Наурыз!», «Бейбітшілік жасасын», «Әрқашан күн сөнбесін», «1 маусым- Балаларды қорғау күні».

Ата-аналармен жұмыс. Ата-аналармен бірлесе отырып мынадай жұмыс түрлері атқарылады: ата-аналар жиналыстары; тәрбиеші-педагогтың жеке кеңесі; отбасы жөнінде мәліметтер толтыру; ата-аналарға арналған ақпараттар бұрышы; әр түрлі тәрбиелік шараларға, мерекелік ойын-сауық ертегілерге қатысу; сауалнама жүргізу, әңгімелесулер өтті. Сонымен қатар барлық топ тәрбиешілері өз топтары бойынша мониторинг қорытындысын айтып өтті.

III. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері 2024-2025 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтер тізімін айтты. Алдын ала дайындық жүргізіп, тестке мұқият дайындалу керектігін айтты.

IV. Балабақша психологы, логопед-дефектологы бір жылдық жұмыстардың есебін берді.

V. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен балабақша инн әдіскері Е.С. Зейнелсадыкова таныстырып, бекітуге ұсынды.

VI. Мектепке психологиялық дайындық-бұл бүкіл мектепке дейінгі өмір. Мектепке психологиялық дайындық балаларда өздігінен емес, біртіндеп қалыптасады: ойын арқылы, еңбек арқылы, достарымен қарым-қатынас арқылы, тікелей білім беру арқылы. Сондықтан біздің мектепалды топтарының балаларымен күнделікті жұмыстар жүргізіліп отырды. Барлық балалардың ата-аналарымен балалары жөнінде тәрбиешілер, педагогтер, психологтар жұмыс жасап, мектепке толық дайын екендігін ескертті.

Шешімі:

1. №4-ші педкеңестің орындалу шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2024-2025 оқу жылы қорытындысы бойынша балабақша барлық педагогтардың жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Жазғы-сауықтыру жоспары бекітілуге ұсынылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

А.Т.Молдахметова

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

С.М.Слямова

